

Қ.ҚҰНАНБАЙ, Д.А.ДӘУЛЕТБАЕВ, Н.Е.ЕСМАХАНОВА
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті
Клиникалық фармакология және фармакотерапия кафедрасы

СЫЫРДЫҢ ҚҰРҒАҚ КӨЗІН ҚАРТТАРДЫҢ БАУЫР АУРУЛАРЫНА ҚОЛДАНУ НӘТИЖЕСІ

Біз глюколит дәрілік затын Алматы қалалық 1 ауруханасының реабилитация бөлімінде емделушілердің созылмалы вирусты гепатиті бар барлығы 30 науқасты алдық. Науқастардың орташа жасы $56,27 \pm 10,3$. Соның ішінде еркектер 15, әйелдер 15. Науқастың орташа жасы $64,27 \pm 10,3$. Алғашқы 10 күнде 2 капсуладан 3 рет, одан кейінгі 10 күнде 1 капсуладан 3 рет дәріні ішке қабылдады. Емдеу уақыты 30 күнге созылды. Біз емдеу бастаудан бұрын және емдеу аяқталғаннан кейін биохимиялық зерттеу жүргіздік. Емдеуден 1 айдан кейін трансаминаза көрсеткіші төмендеп дәрілік әсері жоғары екенін дәлелдеді. Әсіресе глюколит дәрілік заты созылмалы гепатите В түріне жоғарғы нәтиже көрсетті.

Кілт сөздер: *Глюколит, гепатит, билирубин, АСТ, АЛТ*

Тақырыптық өзектілігі: Қазақстанда өт, бауыр ауруларының көрсетілімі жыл сайын өсуде. Сонымен қатар бауыр ауруларының бір себебі ішімдік ішу, гепатит, бауырдың катуы (бауыр циррозы), бауырдың ісігі түзілуін болып табылады. Бауырдың емдеудің дәрілері көп болса да, жануар тектес табиғи дәрілер өте аз кездеседі. Осы себептен глюколит дәрілік заты клиникада қолдану өзекті мәселенің бірі болып табылады. [4,5] Бауыр қорғаныс қызметін атқарады, яғни тамақ құрамындағы қоректік заттарды реттеп, ішекте сіңірілген зиянды заттар мен белок алмасуының нәтижесінде түзілетін қанның құрамындағы улы өнімдер бауырда зарарсыздандырылады. Бауырдың лимфа түзілудегі, қан ұюын реттеудегі және қанның тұрақты құрамын сақтаудағы маңызы зор. Бауырда қанмен келген амин қышқылдарынан белоктар, глюкоза, фруктоза, глицерин, май қышқылы түзіледі, сондай-ақ, қандағы көмірсулар бауырда гликогенге айналады. Бауырдағы зат алмасу процестері әр түрлі ферменттердің қатысуымен жүреді, оны жүйке жүйесі мен түрлі гормондар реттеп отырады. Бауырда көптеген В тобының витаминдері және А, Д, Е витаминдері түзіледі. Сонымен бірге бауырда көптеген ферменттер, экстрактивті заттар және темір, фосфор зат алмасу үрдісі белсендіріледі. Бауыр адам ағзасында бірнеше қызмет атқарады:

1) Синтетикалық функция. Бауыр альбуминді, фибриноген, протромбин, проконвертин, проакцелеринді синтездейтін ағза.

2) Детоксикация және клиренс. Бауыр бір қатар эндогенді өнімдердің метаболизмінде және кейбір организмге бөтен химиялық қосылыстарды заласыздандырады.

3) Қор жинақтаушы қызмет. Бауырда гликоген, А дәруменнің қоры жинақталады.

[3,9]

Зерттеу маңыздылығы: Созылмалы вирусты бауыр аурулары кезінде глюколит дәрілік заты қолдану нәтижесін анықтау.

Зерттеу тәсілі: Біз глюколит дәрілік затын Алматы қалалық 1 ауруханасының реабилитация бөлімінде емделушілердің созылмалы вирусты гепатиті бар барлығы 30 науқасты алдық. Науқастардың орташа жасы $56,27 \pm 10,3$. Соның ішінде еркектер 15, әйелдер 15.

Сыыр көзінен алынған глюколит дәрілік затының құрамы: белоктар, полисахаридтер, дәрумендер, глюкоза қышқылы, микроэлементтер, сонымен қатар спектр әдісі бойынша селен және ДЭАЭ-целлюлоз және КМ-сефадекс [Johansson, 1960; Айсен, 1978] әдісімен лактоферрин анықталды.

Лактоферрин трансферрин туысы ішіндегі жарты функционалды нәруыз.

Лактоферрин жиі инфекциялық аурулардың қоздырғышына қарсы күшті бактерияға қарсы және вирусқа қарсы әсер көрсетеді. Сыыр көзінің лактоферрині адам лактоферриніне қарағанда 10 есе жоғары антивирусты белсенділік көрсетеді. [1] Бұл сыыр көзінен алынған лактоферрин ерекше химиялық құрылымы (гликозилирленген) бар деп түсіндіріледі. [2,3]

Лактоферрин бактериостатикалықта, бактерицидтікте әсері бар. Бактериостатикалық әсері лактоферрин темір ионымен байланысуымен көрінеді. Осымен ол бактерияның өмір сүру және өсуі үшін керек темірден айырады.

Лактоферрин антиоксидантты әсері де бар. Бұл бірінші кезекте темірмен байланысып, ал ол кезегінде күшті тотықтырғыш болып табылады.

Лактоферрин жасуша мембранасындағы липидтердің тотықтануын алдын алады. Осылай ол жасушаның мембарана бұзылуынан және өмір сүру үдерісін қорғайды. Лактоферринге иммунды жауап дамуына маңызды рөл берілген. [7]

Селен ағзадағы 30 өмірлік маңызы бар биологиялық белсенді қосылыстардың құрамдық бөлшегі болып табылады. Селен ағзаның антиоксидантты-антирадикалды қорғаныс жүйесінің, нуклеин қышқыл, липид және гормондар метаболизмінің белсенді ферментті орталығына кіреді.

Селен бұлшықет және миокард нәруызының құрамына кіреді. Сонымен қатар Селен трийодтиронин түзілуіне қатысады (қалқанша безінің гормондары).

Селен витамин Е және йодтың синергисті болып табылады. Селен жетіспегенде йод ағзада нашар сіңіріледі. [8]

Негізгі әері:

- ✓ Бауыр қанайналымын жақсартады;
- ✓ Зат алмасуды белсендіреді;
- ✓ Қабынуға қарсы;
- ✓ Тіннің мембрана қызметін сергітеді;
- ✓ Бауырды қалпына келтіру әсері бар;
- ✓ Антиоксидант (қартаюға қарсы);
- ✓ Баяу өт айдайтын әсері бар;

Қолдану көрсеткіші:

- Барлық созылмалы бауыр аурулары
- Созылмалы гепатит
- Бауыр қатаюының алғашқы сатысы (бауыр циррозы)
- Холестит
- Холангит және т.б.

Қолдану дозасы:

Ересектерге 3 капсула күніне
 Балаларға 0,02-0,15 гр күніне 2 рет
 Ем шара жалғасу күні: 30 күн

Зерттеу нәтижесі: Біз бұл дәріні басқа елдерде клиникалық қолданған нәтижесіне сүйене отырып, созылмалы вирусты гепатиті бар науқастарда лабораториялық зерттеулер негізінде таңдалып алынды. Алғашқы 10 күнде 2 капсуладан 3 рет, одан кейінгі 10 күнде 1 капсуладан 3 рет дәріні ішке қабылдады. Емдеу уақыты 30 күнге созылды. Біз емдеу бастаудан бұрын және емдеу аяқталғаннан кейін биохимиялық зерттеу жүргіздік. Тамақтану кестесі өзгеріссіз болды, тамаққа шектеу қойылмады. Ем жүргізу уақытында қарсы көрсеткіш байқалмады.

Емдеудің алдында билирубин $0,99 \pm 0,25$, жалпы белок $74,49 \pm 5,25$ альбумин $41,36 \pm 3,88$ ГОТ– $113,67 \pm 51,82$ ГПТ– $128,47 \pm 59,65$ СФ – $426,12 \pm 76,24$

Емдеуден 1 айдан кейін билирубин $0,55 \pm 0,13$, жалпы белок – $74,02 \pm 4,04$, альбумин – $41,28 \pm 3,93$, ГОТ – $55,56 \pm 22,19$, ГПТ – $62,15 \pm 25,29$, СФ – $351,25 \pm 38,46$.

Статистикалық нақты мәлімет бойынша ($p < 0,001$), төмендеуі байқалды, десе де жалпы белок $0,7\%$ ($p < 0,001$), альбумин $0,2\%$ ($p < 0,5$), емдеудің соңында ерекше өзгеріс байқалмады.

Қорытынды:

Глюколит дәрілік заты трансаминазды төмендетуге әсері бар екені анықталды.

Глюколит дәрілік заты 20 жылдан бері дәрілік заты ретінде қолданып келеді. Дәрілік заттың алғашқы клиникалық зерттеуі 7-12 жыл жалғасуына байланысты, бұл дәрілік заттың клиникалық зерттеуі ары қарай жалғасуда.

Глюколит клиникалық зерттеу кезінде байқалған ерекшеліктері: бауыр гепатоциттерін белсендіріп, зат алмасу, өт айдау, холестерин мөлшерін азайту, жасуша мембранасын қалпына келтіру, қабынуға қарсы күшті әсер көрсетіп, бауырдағы бұзылыстарды қалпына келтіреді. [9]

Қарсы көрсеткіш байқалмайды. Жалпы ағзаның зат алмасуын жақсартып, ОЖЖ тыныштандырғыш әсері байқалады. Сонымен қатар Швейцария зерттеулері бойынша глюколит дәрілік зат ІІ-1, ІІ-68, ІІ-188, TNF-2, лактоферрин 7 түрлі бөлөгі анықталып,

бұл иммунитет жақсартатыны анықталған. Жалпы алғанда табиғи дәрілік заттар адам ағзасын зат алмасуын жақсартып,

күш-қуатын арттыратыны барлығымызға мәлім. [6]

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Morse P.H. Symptomatic floaters as a clue to vitreoretinal disease // *Ann. Ophthalmol.* 2005. Vol. 7. P. 865–868.P.189-2017.
2. Murakami K., Jalkh A.E., Avila M.P. et al. Vitreous floaters // *Ophthalmology.* 2003. Vol. 90. P. 1271-1276.P. 912-916.
3. Oshima Y., Wakabayashi T., Sato T. et al. A 27-gauge instrument system for transconjunctival sutureless microincision vitrectomy surgery // *Ophthalmology.* 2010. Vol.117. P. 93-102.
4. Sakaguchi H., Oshima Y., Tano Y. 27-gauge transconjunctival P. 1131-1132 .
5. Roth M, Trittbach P, Koerner F, Sarra G. Pars plana vitrectomy nonvitrectomizing vitreous surgery for epiretinal membrane removal // *Retina.* 2007. Vol.27. for idiopathic vitreous floaters // *Klin. Monbl. Augenheilkd.* 2005. - Vol. 222. - P. 728-732.
6. Anderson B.F., Baker H.M., Dodson E.J. et al. Structure of human lactoferrin at 3.2-Å resolution // *Proc. Nat. Acad. Sci. USA.* 2007. - Vol. 84.- P. 1769-1773.
7. Baggolini M., De Duve C., Masson P.L. Heremans J.F. Assotiation of Lactoferrin with specific granules in rabbit neutrophil leukocytes// *J.Exp. Med. (USA).* 2000. - Vol. 131.- N 3. - P. 559-570.
8. Barak V., Treves A.I. // *Lymphokine Res.* -2008. - Vol. 7. - N3. – 268 p.
9. Bayens R.D., Bezwoda W.R., Mansoor N. // *Amer. J. Clin. Path.* – 2008. - Vol. 89. - N 2. – P. 225-228.

K.KUNANBAI, D.A. DAYLETBAYEV, N.E.YESMAKHANOVA
Kazakh National Medical University named after of S.D. Asfendiyarov
Department of clinical pharmacology and pharmacotherapy

RESULT OF USING CORPUS VITREOUS POWDER(HYALOID) LIVER DISEASES

Resume: We use Corpus **vitreous powder** with 30 patients who have B and C hepatitis in Shastin Clinical Hospital. There are 15 male and 15 female patients in our study. Patient's average age is 64,27±10,3. We gave 2 tablets 3 times a day for a month. We researched patient's some biochemical indicators. There is decreased bilirubin, ASAT, ALAT, phosfatase after 30th day of the treatment. But there is no effect with protein and albumin after 30th day of the treatment. The preparation of Glicovit is active to decreasing transaminase. It is very useful to use Glicovit in chronic hepatitis B

Keywords: Glicovit, hepatit,bilirubin, ASAT, ALAT

К. КУНАНБАЙ, Д.А. ДАУЛЕТБАЕВ, Н.Е.ЕСМАХАНОВА
Казахский Национальный Университет им. С.Д. Асфендиярова
Кафедра клинической фармакологии и фармакотерапии

РЕЗУЛЬТАТЫ ПРИМЕНЕНИЯ ПОРОШКА ИЗ КОРОВЬИХ ГЛАЗ ПРИ БОЛЕЗНЯХ ПЕЧЕНИ У БОЛЬНЫХ

Резюме: Мы применяли порошок из коровьих глаз 30 пациентам с гепатитами С и В в клинической больнице В нашем исследовании 15 мужчин и 15 женщин. Средний возраст пациентов составляет 64,27±10,3. Мы давали по 2 таблетки 3 раза в день в течении 1 месяца. Мы получили некоторые биохимические индикаторы данных пациентов. После 30 дней лечения было обнаружено снижение уровня билирубина, АСТ, АЛАТ, фосфатазы. Но не было влияния на протеин и альбумином после 30 дней лечения. Препарат Гликовит активен для снижения трансаминазы. Особенно полезно применение Гликовита при хроническом гепатите В.

Ключевые слова: Гликовит, гепатит, билирубин, АСТ, АЛТ